



«19» наурыз 2026 ж.

ЕРЕЖЕ
«Yessenov Data Lab 2026» бағдарламасы

I. Жалпы ережелер

- 1.1. «Yessenov Data Lab» бағдарламасы (бұдан әрі – «Бағдарлама») – жас қазақстандық ғалымдар мен мамандарды үлкен деректермен және жасанды интеллектпен жұмыс істеудің базалық дағдыларына үйретуге бағытталған 4 апталық интенсив. Қатысушылар өздерінің кәсіби қызметінде озық технологияларды қолдануға мүмкіндік беретін білім мен практикалық дағдыларға ие болады.
- 1.2. Бағдарлама «Shakhmardan Yessenov Foundation ғылыми білім беру қоры» жеке қорының (бұдан әрі – «Қор») бастамасы бойынша қаржыландырылады.
- 1.3. **Бағдарламаның мақсаты** – жас ғалымдардың үлкен деректермен және жасанды интеллектпен жұмыс істеу дағдыларын меңгеруіне жәрдемдесу, бұл олардың әрі қарай кәсіби өсуі мен осы салада дербес жұмыс істеуі үшін қажет.
- 1.4. Осы Ережеде «демеушілік көмек» термині оқытуды қаржыландыруды, оның ішінде лекторларға ақы төлеуді, техникалық және әкімшілік шығындарды білдіреді.
- 1.5. Жеңімпаздар үшін Бағдарламаға қатысу тегін. Жыл сайын Бағдарламаға қатысушылардың ішінен 20 (жиырма) жеңімпаз іріктеледі. Қор қатысушылар санын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.
- 1.6. Бағдарлама жеңімпаздары ашық байқау нәтижесінде іріктеледі. Байқау жылына 1 (бір) рет өткізіледі.
- 1.7. Бағдарлама **2026 жылғы «15» маусымнан бастап «10» шілдеге дейін (қоса алғанда)** Қордың «Yessenov Data Lab» жазғы мектебінде 4 (төрт) апта бойы үлкен деректермен жұмыс істеу дағдыларын үйретуді көздейді. Оның ішінде 2 (екі) апта онлайн форматта – **2026 жылғы «15» маусымнан «26» маусымға дейін (қоса алғанда)** және 2 (екі) апта офлайн форматта – **2026 жылғы «29» маусымнан «10» шілдеге дейін (қоса алғанда)** Алматы қаласында өтеді. Оқыту тілі – орыс тілі, техникалық ағылшын тілінің элементтері қолданылуы мүмкін.

II. Бағдарлама қатысушыларына қойылатын талаптар

2.1. Бағдарламаға қатысушылар ретінде тек 18 (он сегіз) жастан асқан Қазақстан Республикасының азаматтары, бакалавриат студенттері, магистранттар, докторанттар және келесі бағыттар бойынша жұмыс істейтін мамандар ғана қатыса алады*:

- жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары;
- денсаулық сақтау.

2.2. Бағдарлама жеңімпазын анықтау кезінде үміткерлердің келесі қасиеттері ескеріледі:

- 2.2.1. жоғары интеллектуалды әлеует;
- 2.2.2. кәсіби дағдыларын дамытуға ұмтылу;
- 2.2.3. нәтижеге бағытталу;
- 2.2.4. бейімделу қабілеті.

* жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кадрларын даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген).

2.3. Ізденуші өзінің белсенді кәсіби, ғылыми және қоғамдық қызметін, сондай-ақ кәсіби дағдыларының төменде көрсетілген талаптарға сәйкестігін мәлімдеп, оны құжаттамалық түрде растауы тиіс:

2.3.1. күшті аналитикалық қабілеттер;

2.3.2. Қазақстанда ғылыми қызметпен айналысуға және/немесе IT технологияларды дамытуға қызығушылық пен ниет;

2.3.3. статистика және сызықтық алгебра негіздерін білу;

2.3.4. бағдарламалау негіздерін білу (кез келген бағдарламалау тілінде).

2.4. Ізденушіде ыңғайлы бағдарламалау үшін жеткілікті сипаттамалары бар жеке ноутбук болуы тиіс.

Ұсынылатын параметрлер:

2.4.1. CPU Intel Core Gen 7 және одан жоғары, Mac Silicon M1 және одан жоғары;

2.4.2. RAM (ОЗУ) 6 Гб және одан жоғары.

2.5. Секундына кемінде 10 Мбит, ұсынылатын жылдамдығы секундына 20 Мбит және одан жоғары тұрақты интернет желісіне қолжетімділік болуы тиіс.

2.6. Артықшылық болып табылады:

2.6.1. ғылыми салаға қызығушылықтың болуы;

2.6.2. өзінің ғылыми мақалалары, материалдары, қандай да бір зерттеулердің нәтижелері және т.б.;

2.6.3. ағылшын тілін B1 деңгейінен төмен емес деңгейде меңгеру.

III. Бағдарлама бойынша байқаудың іріктеу кезеңдері

3.1. Байқау 3 (үш) іріктеу кезеңін қамтиды, олардың әрқайсысы аяқталғаннан кейін үздік үміткерлер іріктеледі. Байқаудың басталғаны туралы хабарландыру Қордың интернет-сайтында: yessenovfoundation.org және Қордың әлеуметтік желілерінде жарияланады.

3.2. Бағдарлама қатысушылары арасында байқау іріктеуін өткізу үшін Қорда Бағдарлама қатысушыларын іріктеуді жүзеге асыратын Сараптамалық кеңес құрылады. Сараптамалық кеңестің шешімі қарастыру үшін Қор Басшысына ұсынылады.

3.3. Қор Басшысының шешімі ресми түрде бекітілген Бағдарлама жеңімпаздарының тізімі түрінде бұйрықпен мақұлданады. Бағдарлама жеңімпаздарының тізімі Қордың сайтында жарияланады: yessenovfoundation.org.

3.4. **Бірінші кезең – өтінімдерді қабылдау және бағалау.** Бағдарлама іріктеуіне қатысу үшін үміткер:

3.4.1. Қордың сайтында онлайн өтінімді толтыруы тиіс: yessenovfoundation.org;

3.4.2. өтінімге келесілерді қоса беруі тиіс:

Міндетті құжаттар:

- 1) жеке куәліктің көшірмесі;
- 2) студенттің транскрипті (GPA орташа балы 3,0-ден төмен болмауы тиіс). GPA 3,0-ден төмен болған жағдайда өтінімдер қарастырылмайды;
- 3) соттылықтың бар/жоқтығы туралы анықтама;
- 4) транскриптің (барлық семестрлер) көшірмесі немесе бакалавриатты аяқтағаны туралы дипломның бағаларымен бірге көшірмесі (магистранттар мен мамандар үшін);
- 5) «Мен деректерді талдауды үйренгім келеді, өйткені...» тақырыбында эссе (кемінде 7 сөйлем және 750 сөзден аспауы тиіс) (тек өңделетін құжат форматында ұсынылуы қажет) және өтінім берілген тілде – қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде жазылуы тиіс;
- 6) түйіндеме.

Қосымша құжаттар:

- 1) үміткердің ғылыми зерттеулер саласындағы жетістіктерін және/немесе белгілі бір ғылыми/техникалық салаға қызығушылығын көрсететін портфолио және оны растайтын құжаттарды ұсыну:
 - a. олимпиадаға қатысқаны/жеңісі үшін берілген сертификаттар – 2 (екі) сертификаттан аспау керек*;
 - b. курстардан өткенін және т.б. растайтын сертификаттар – 2 (екі) сертификаттан аспау керек*;
 - c. қоғамдық белсенділік және волонтерлік қызмет үшін берілген сертификаттар – 2 (екі) сертификаттан аспау керек*;
 - d. жарияланымдар – 2 (екі) жарияланымнан аспау керек*;
 - e. қатысқан немесе өз бетінше жүзеге асырған жобаларға сілтемелер – 3 (үш) мысалдан аспау керек (әрбір мысал үшін 2 фотосуретке/бет скриншоттарына/веб-сайтқа және/немесе әлеуметтік желілерге сілтемелерге дейін және 150 сөзден аспайтын мәтіндік түсіндірме беруге болады)*.

*** Қосымша құжаттарды қарастыру кезінде Қор үміткер ұсынған сертификаттар мен жарияланымдардың шектеулі санын ескереді. Үміткер өз жетістіктерін барынша дәл көрсететін сертификаттарды, жарияланымдарды және басқа да материалдарды өз бетінше таңдауы тиіс.**

3.4.3. Өтінімдер Қордың интернет-сайтында қабылданады: yessenovfoundation.org, 2026 жылғы «26» наурыздан бастап «28» сәуірге дейін (қоса алғанда). Өтінімдерді қабылдау 2026 жылғы «28» сәуір күні сағат 15:00-де (Астана уақытымен, GMT+5) аяқталады. Белгіленген мерзімнен кейін келіп түскен өтінімдер қарастырылмайды.

3.4.4. Өтінімді және эссені қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде толтыруға болады. Құжаттар (сертификаттар, дипломдар, ұсыным хаттар және т.б.) түпнұсқа тілінде қабылданады.

3.4.5. Байқауға құжаттарды тапсыру өтінім берушінің Бағдарлама мақсаттарын қолдайтынын және осы Ережеде көрсетілген байқауды өткізу шарттарымен толық келісетінін, сондай-ақ оларды толық орындауға дайын екенін білдіреді.

3.4.6. Белгіленген мерзімде келіп түскен барлық өтінімдер Қор қызметкерлері мен тәуелсіз сарапшылар тарапынан қаралып, 2026 жылғы «12» мамырға дейін (қоса алғанда) бағаланады.

3.4.7. Екінші кезеңге өткен үміткерлердің тізімі 2026 жылғы 13 мамырдан кешіктірілмей Қордың интернет-сайтында жарияланады: yessenovfoundation.org. Бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша ең көбі 60 (алпыс) үміткер іріктеледі.

3.5. Екінші кезең – тестілеу.

3.5.1. Екінші кезең 2026 жылғы «14» мамырдан «20» мамырға дейін (қоса алғанда) өткізіледі.

3.5.2. Тестілеу 30 (отыз) сұрақтан тұрады (60 минутқа есептелген). Онлайн форматта өтеді; сұрақ түрлеріне мыналар кіреді, бірақ олармен шектелмейді: бір дұрыс жауапты таңдау, бірнеше дұрыс жауапты таңдау, ашық сұрақтар (еркін мәтін енгізу).

3.5.3. Тестілеуді сәтті тапсыру үшін үміткер келесі тақырыптар бойынша базалық білімге ие болуы тиіс:

- 1) матрицалар, сызықтық теңдеулер;
- 2) графтар (математика);
- 3) сызықтық регрессия, орташа мәндер, медианалар;
- 4) функциялардың графиктерін құру;
- 5) айнымалылар, циклдер, шарттар, массивтер (Python бағдарламалау тілінде);
- 6) статистика және ықтималдық теориясының негіздері – ықтималдықтар үлестірімі, кездейсоқ шама, математикалық күтім, ковариация, қалыпты үлестірім.

3.5.3. Үшінші кезеңге өткен үміткерлердің тізімі 21 мамырдан кешіктірілмей Қордың сайтында жарияланады. Екінші кезеңнің қорытындысы бойынша ең көбі 40 үміткер іріктеледі.

3.6. Үшінші кезең – сұхбат.

3.6.1. Үшінші кезең 2026 жылғы «22» мамырдан «03» маусымға дейін (қоса алғанда) өткізіледі.

3.6.2. Үшінші кезеңге қатысушылар Қордың Сараптамалық кеңесімен онлайн режимде өтетін сұхбатқа шақырылады. Сұхбат барысында тәуелсіз сарапшылар келесілерді бағалайды:

- a. аналитикалық қабілеттер;
- b. үміткерлердің кәсіби қасиеттері;
- c. бағдарламалау дағдылары мен тәжірибесі (бар болған жағдайда);
- d. жоғары интеллектуалды әлеует;
- e. өзінің кәсіби дағдыларын үнемі дамытуға ұмтылу;
- f. басқа да көрсеткіштер.

3.6.3. Сұхбат барысында сарапшылар үміткерлерді келесі критерийлер бойынша да бағалайды:

- a. жалпы коммуникация;
- b. құндылықтар жүйесі мен ұстанымдары, мотивация;
- c. жалпы белсенділік;
- d. эмоционалды интеллект;
- e. заманауи талаптарды түсіну;
- f. жалпы психологиялық жетілу;

г. ойлау қабілеті;

h. үміткерлердің әлеуметтік желілерде мотивациялық жазбалар жариялауға дайындығы.

3.6.4. Сұхбаттың ұзақтығы – 40 (қырық) минутқа дейін. Байқаудың үшінші кезеңі аяқталғаннан кейін 20 (жиырма) жеңімпаз іріктеледі.

3.6.5. Қор байқауға қатысушыларға өз шешімдеріне түсініктеме бермеу құқығын өзіне қалдырады.

3.6.6. Байқау жеңімпаздарының тізімі **2026 жылғы «05» маусымнан кешіктірілмей** Қордың интернет-сайтында жарияланады: yessenovfoundation.org.

IV. Демеушілік көмекті тағайындау тәртібі

4.1. Демеушілік көмек Бағдарлама байқауының үздік қатысушыларының ішінен 20 (жиырма) жеңімпазға тағайындалады. Бағдарлама жеңімпаздарының саны келіп түскен өтінімдердің саны мен сапасына, сондай-ақ Қордың Сараптамалық кеңесінің шешіміне байланысты ұлғайтылуы немесе азайтылуы мүмкін.

4.2. Бағдарлама бойынша байқау іріктеуінің қорытындысы бойынша жеңімпаздар өтеусіз негізде Қордың «Yessenov Data Lab» жазғы мектебінде (бұдан әрі – «Мектеп») **2026 жылғы «15» маусымнан бастап «10» шілдеге дейін (қоса алғанда)** 4 апталық оқудан өтеді, оның ішінде: 2 (екі) апта онлайн форматта – **2026 жылғы «15» маусымнан «26» маусымға дейін (қоса алғанда)** және 2 (екі) апта офлайн форматта – **2026 жылғы «29» маусымнан «10» шілдеге дейін (қоса алғанда)** Алматы қаласында өтеді. Қор Алматы қаласынан тыс жерде тұратын жеңімпаздардың ұшу және тұру шығындарын өз мойнына алады. Қор Алматы қаласында офлайн оқыту кезеңінде Мектептің барлық қатысушыларын тамақпен қамтамасыз етеді.

4.3. Мектепте оқу басталғанға дейін Қор мен Бағдарлама жеңімпазы арасында демеушілік көмек көрсету туралы шарт (бұдан әрі – «Шарт») жасалады.

4.4. Бағдарлама жеңімпазы, оқу грантын алған қатысушы, Қормен жасалған Шарт талаптарын сақтауға міндетті, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей:

- 1) Мектеп сабақтарына белгіленген кестеге сәйкес қатысуға және дәлелді себепсіз сабақтарды босатпауға;
- 2) барлық тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, оның ішінде Мектептегі оқу аясындағы өзіндік жұмыстарды орындауға. Практикалық тапсырмаларды орындау сапасы мен толықтығы жасанды интеллект жүйелері арқылы тексеріледі;
- 3) Мектептегі емтихандарды уақытылы тапсыруға;
- 4) Мектептің өзге де міндеттемелері мен ережелерін сақтауға;
- 5) Қор туралы ақпаратты кез келген қолайлы түрде таратуға, оның ішінде әлеуметтік желілердегі жарияланымдар арқылы Қордың оң беделін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қор ұсынған ақпараттық материалдарды таратуға;
- 6) байқау аяқталып, қатысушыға Бағдарлама жеңімпазы мәртебесі берілген сәттен бастап және оқу аяқталғаннан кейін 1 (бір) апта ішінде Қордың және оның құрылтайшысының хэштегтерін (#yessenovfoundation, #galimzhanyessenov) пайдалана отырып, өз әлеуметтік желілерінде кемінде 2 (екі) жарияланым орналастыруға;
- 7) осы Ереженің 4.5-тармағында көрсетілген бенефициарлармен жұмысқа жауапты Қор өкілдерімен белсенді өзара әрекеттесуге, туындайтын сұрақтарға уақытылы жауап беруге және қол жеткізілген нәтижелер туралы ақпарат ұсынуға;
- 8) өзінің кәсіби және қосымша (надпрофессионалдық) қызметтегі жетістіктері туралы Қорға ақпарат беруге;
- 9) Қордың сұранысы бойынша түсірілімдерге, ақпараттық сессияларға және басқа да коммуникациялық іс-шараларға қатысуға. Бұл фото және бейнематериалдар Қордың әлеуметтік желілерінде және жарияланымдарында пайдаланылуы мүмкін;
- 10) Қордың сұранысы бойынша ақпаратты өтінімде көрсетілген электрондық поштаға сұрау түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға;
- 11) Қордың сұранысы бойынша оның қызметіне және бағдарламаларына қолдау көрсетуге;
- 12) Қордың сұранысы бойынша жеке фото, мәтіндік және бейнематериалдарды (оқу/жұмыс/тағылымдама/қоғамдық іс-шаралар орнынан және т.б.) ұсынуға (фото және бейнематериалдарда сыртқы келбет пен киім ұқыпты әрі зайырлы сипатта болуы тиіс), сондай-ақ Қор іс-шаралары кезінде фото және бейне сессияларға қатысуға. Бұл материалдар Қор ресурстарында Қазақстан жастарына мотивациялық мақсаттағы табысты оқиғаларды жариялау үшін пайдаланылуы мүмкін;
- 13) Шарт бойынша міндеттемелерін орындау барысында Бағдарлама жеңімпазы мен Қор қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзатын

немесе бұзуға ықпал ететін әрекеттерді жасамауға, сондай-ақ кез келген тұлғаларға заңсыз артықшылықтар алу немесе өзге де заңсыз мақсаттарға жету үшін тікелей немесе жанама түрде ақша немесе құндылықтар ұсынбауға, төлем жасамауға және төлем жасауға рұқсат бермеуге міндетті;

- 14) Мектептегі онлайн сабақтар барысында қажет болған жағдайда және Мектеп оқытушылары/лекторларының талабы бойынша компьютер экранын көрсетуге және веб-камераны қосуға.

4.5. Бағдарламаға және (немесе) Ережеге қатысты барлық сұрақтар бойынша Қор тарапынан уәкілетті тұлғаларға келесі байланыс деректері арқылы жүгінуге болады:

- Григорий Ли: grigoriy.l@yessenovfoundation.org, телефон: +7 705 888 5788;
- Ирина Грищенко: irina.g@yessenovfoundation.org, телефон: +7 771 775 1815.

4.6. Қор үміткерлер және/немесе Бағдарлама жеңімпаздары ұсынған ақпаратты кез келген заңды тәсілдермен тексеруге және ақпарат шындыққа сәйкес келмеген жағдайда кез келген кезеңде Бағдарламаның байқау іріктеуінен және/немесе Бағдарламадан кез келген ізденушіні алып тастауға құқылы.

4.7. Қор Бағдарлама гранттарына үміткерлер бойынша қабылданған шешімдердің себептері мен уәждері туралы түсініктеме бермеу құқығын өзіне қалдырады.